

*деби  
тепуарлар*

Л 2007  
30 к.

СЕРИК КИРАБАЕВ

**ӘМІР  
ТАҒЫНЫҢДАРЫ**



Kupfer



Серік Кирабаев

# ӨМІР ТАҒЫЛЫМДАРЫ

*Естеліктер*



Алматы “Білім” 2006

**ББК 84 Каз 7-4**

**Қ 53**

**Қирабаев С.**

**Қ 53** Өмір тағылымдары. *Естеліктер*. — Алматы: “Білім”, 2006. — 480 бет + 8 бет суреттер.

**ISBN 9965-09-417-9**

Белгілі әдебиетші, ғалым және сыншы, академик Серік Қирабаевтың бұл кітабы көп жасап, көп адамдармен араласқан, төлім алған адамның естеліктері түрінде жазылған. Автор XX ғасырдағы қазақтың ұлы азаматтары М.Әуезов, С.Мұқанов, F.Мусірепов, F.Мұстафин, I.Омаров, А.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, М.Фабдуллин, Ә.Сембаев, Ә.Шәріпов т.б. жазушылар, ғалымдар, қоғам қайраткерлерінің өмірі мен еңбегі туралы қызықты өңгімелер айтады. Өзі өткен өмір жолы туралы естелік те тартымды жазылған. Кітап әдебиет сүйгіш қауымға арналған.

**K    4702250201**  
**412 (05)-06**

**ББК 84 Каз. 7-4**

**ISBN 9965-09-417-9**

**© Серік Қирабаев., 2006  
© “Білім” баспасы, 2006**

## АВТОРДАН

Мен жас кезімде естелік жазуды адамның басқа жазатын ештемесі болмаған кездегі шаруасы деп ойлайтын едім. Жоқ, оған өмірдің өзі итермелейді еken. Адам үлгаяды, көпті көреді, бірге өскен замандастарың азаяды, сол кезде солар жайлы, заманың, замандастарың жайлы үрпакқа айтудың қажеттігі туады еken. Мен де естелік жазуға осындай қажеттіліктен бардым.

Ең алғаш Мұқан Иманжанов туралы естелік жаздым. Өзі де жас кеткен қадірлі азаматтың адамгершілігі, жазушылық өнері, маған жасаған жақсылығы жайлы айтуды ол туралы кітап шығарушылар сұрады. Жаздым. Айтатыным да, ағаның еске алар істері де бар еді. Одан кейін Фабиден Мұстафин қайтыс болып, Ахат Жақсыбаев: “Естелік жинақ құрастырып жатырмын, сол кісі туралы жазынышы” деп сұрады. Бұл кісі де көп араласқан, сыйлас ағам еді. Оны да жаздым.

Осылардан соң “Мениң әкелерім” деген естелік (1995) жаздым. Ол да қажеттіліктен туды. Кейінгі бір туыс бауырларымның өз әкелерінің дәстүріне қиғаш бір мінездерін көріп, ренжіп, оларға сол әкелер кімдер еді, қалай өмір сүрді, не ғибрат қалдырды — сол туралы айтып беруге бекіндім.

Осылай өмір сырғып өте берді. Агалар кете бастады. Олар жайлай естелік кітаптар туды. Мен біртіндеп солардың біразына қатыстым.

Жас үлгайып қалды. Ойласам, бірталай өмір сүріппін. Көп адамдармен араласып, агалардың сонына еріп, тәлім-тағылым алыппрын. Және ылғи Алыптар мен Арыстар еken. Олардың үлгі болар істері мен мінез-құлқы, адамгершілігі жайлы, заманы, соган лайық енбегі жайлы қалай айтпассын. Біртіндеп азая бастаған оз замандастарымның да еске алар істері аз емес-ти. Бұл кітап осылай, әр тұста жазылған естелік әңгімелер түрінде туды.

Ең соңында өзім өткен өмір жолына көз салдым. Ол да ауыр, бірақ тағылымы мол сияқты көрінді. Кейінгі жастарға біздің үрпак өткен жолдың қылындығы мен содан алып шыққан өмір сүйгіштік рух жайында айтуға болады еken. Сол себептен естеліктің бұрын жазылған болігінің алдына өзім мен заманым, уақыт жайында ойда жаңғырықкан әңгімелерді қостым. Оларға “Өмір тағылымдары” деген ат бердім. Өмірде көргенің, агалардың, құрбылардың еске алар мінез-құлқы, ісі — бәрі де тағылым гой.

Әр кезде, әр жағдайда жазылғандықтан естеліктердің құрылымы да, стилі де біркелкі емес. Олардың ішінде таза естеліктер күйінде де, портрет түрінде де жазылғандары бар. Кейде естеліктер мен шығармашылық туралы ойлар араласып кетеді.

Көп жыл бірге жүрген жолдастармен қоштасу кезінде айтылған сөздер де сол күйінде берілді. Осының бәрі заман мен замандастар туралы әңгіменің ауқымына сияды ғой деп ойладым.

Талап-тілек, сын-ескертпе айтқан жолдастарға алдын-ала рахмет айтамын.

## МЕНИҢ ӘКЕЛЕРІМ

(*Қазақтың туыстық дәстүрі жайлы бір үзік сыр*)

Қазақ — қашаннан-ақ алысты жақын тұтып, бауыр еткен ерекше дәстүрі бар халық. “Қарға тамырлы қазақ”, “Сұрай-сұрай қарын бөле шығады”, “Құда — мың жылдық” деген орамды сөз жүйелері де тегін шықпаған. Оның бәрі араласып, бірімен-бірі байланысып жатқан қазақтың туыстықта ерекше мән бергенін байқатады. Туыстықты аялау адамды адамға жақын тұтудың жолына айналған. Қазіргі жастар осындай адамдық жылы сезімнен тұратын дәстүрдің сырьы мен қырын біле бермейді, сондықтан қазір алысты жақын тұтудың орнына, жақыныңды жат көру етек алғып барады. Осыған байланысты кейінгілерге сабак болар деген ниетпен қазақтың туыстық дәстүрі жайлы өзім көрген, білген бір үзік сырды әңгіме етуге бекіндім.

Менің үлкен әкелерім Қирабай, Жақсыбай деген ағайынды екі жігіт болыпты. Әкесі Ақкошқар үлкен ұлы Қирабайды колына үстап, барлы-жоқ шағын шаруасына ие етіпті де, кіші ұлы Жақсыбайға бөлек отау тігіп, бірақ енші бермей, “ағаңың шаруасын істеп күн көр” депті. Содан ағайынды екі адамның үлкені мал иесі болып, кішісі соның қызметін істеген. Әйелдері де тату болған. Балажан (Қирабайдың әйелі) — Балжан (Жақсыбайдың әйелі) деген аттары да ұқсас екен. Балжан апамызды жүрт “Күн” дейтін еді, сойтсек бала көтермеген Балажан оның балаларын бауырына салып, Балжанды “Ол — біздің үйдің күні, аналарың — мен”, деп үйретіпті. Содан марқұм омір бойы ешкім атын атамай, “Күн” атасып кетті. Бірақ оған еш қорланбайтын. Үлкен қызы Бәкен, одан кейін тұған ұлы Смайыл Қирабай баласы болып, Балжанның бауырында өскен. Одан кейінгі ұлы Жәкен ата-анасының өзінде қалыпты да, кіші ұлы Жаманды (шын аты — Зейнелғабиден) тағы да Қирабай асырап алған.

Қирабай атамыз мен тұған жылы (1927) қайтыс болыпты, кешікпей әйелі де дүние салған. Біздің көрген ата-анамыз Жақсыбай мен Балжан еді. Атам (“көке” деуші ек) 1937 жылы 77 жасында, әжем (“апа” дейтін ек) 1961 жылы 93 жасында қайтты. Әртүрлі әке атына жазылған балалар осылардың маңында өсті. Немерелерінің үлкендери — Хамит екеуміз мектепке дейін көкем мен апамының колында болдық.

Ағайынды үш адам — Смайыл, Жәкен, Жаман үшеуі де бөлініп, әкесінен енші алмаған. Жақсыбайдың қолында қалған Қирабайдың малы Жақсыбайдан Жәкенге көшкен. Кеңес заманында Смайыл мен Жаман атқа мінген де, Жәкен ауылда

солардың ортақ шаруасына ие болған. Әкем (Смайыл) марқұмның “Мал иесі – Жәкен фой” деп отырганын талай естіп едім. Енші алысуды олар туыстықтан боліну сияқты көретін.

Бірінің баласын бірі асырап алу дәстүрі менін оқелерім тұсында берік еді. Смайылдың үлкен ұлы Алпысбай Жақсыбай атамының алпыс жасында туыпты. Мен Жәкеннің үлкені екенмін – аnam бір жасымда қайтыс болыпты да, мені де Смайылдың бәйбішесі Бибіқамзे (“Төлеупас” дейтін ек – жас кезінде тілі келмеген Алпысбай “Төлеудің қызы” деген сөзді бұрмалап, осылай атаган) бауырына салған. Менен кейін туған Смайылдың ұлы Хамитты, қызы Бибігайшаны Жаман иемденген. Одан кейін Жаман Жәкеннің Мереке деген ұлын асырап алған. Бұлардан басқа Смайылдың өзіне төн Мәжит, Сәбит, Майра, Жәкеннің кейінгі әйелінен туған Бәде, Тоқабай, Жәмила, Орынтай деген балалары бар. Жаманның жалғыз қызы Күләйша әкесі 1937 жылы ұсталып кеткенде туып, шешесі Бәден жас босана салып, баласын тастап күйеуін ізделп кеткенде қайтыс болған. Жас босанған әйел содан аурулы болып, кейін бала көтермеген. Бүгінде Бәден тірі, Хамиттен туған немересі Нұрланның колында.

Ағайынды үш адамның атына бөліп жазылғаны болмаса, балалардың да “менікі”, “сенікі” жоқ еді. Бәрі де үш үйге ортақ өсті. Біздің жас күнімізде жазғы демалысты үш үйде кезек откіzetінбіз. Мектепке қай үй жақын болса, балалар сол үйде жатып оқи беретін.

Біздің ауылымызда мектеп мен оқуға барғаннан бір жыл кейін ашылды. Бірінші класты Қарағаш деген жерде Жаманның қолында бітіріп, содан көбінесе аудан орталығындағы мектепте оқыдым. Онда көбінесе кісі үйінде жаттым. Сірә, менің ешкімге сүйенбей өз жолыммен өмір сүруім сол кезден басталған болар. Ал, калған балалар, негізінен, ауылда оқыды. Ауыл дегенмен, оқелеріміз бір ауылда бірге тұрып көрген емес, өз ауылымызда олардың кіндігі сияқты Жәкен отыратын да, қалған екеуі қызмет бабымен басқа ауылдарда тұратын.

Ағайынды адамдардың біріне-бірінің көнілі, туыстық сыйласуы, құрметтеуі ерекше еді, жылтырағы жоқ, терен, іштей құрмет сезілетін. Бірінің қалауы жоқ іске екіншісі баспайтын. Көбінесе, Смайылдың қас-қабағына қарайтын, ал ол “Жәкен қалай қарайды екен?” деп отыратын. Ересектеу бала болып мен олардың мұндағы сырына қанық өстім. Бибіқамзе шешеміз қайтыс болып, орнына Айтыман деген жас шешеміз келді. Алғашқы кезде о кісі мен қалған туыстардың арасында түсініспестік болып жүрді. Есейіп қалған Алпысбай да жаңа шешесін мойындаі қоймады. Сонда Смайылдың көніліне келеді деп, екі інісі бір адамның аузын аштырган емес. “Бәрінен де әкенінің ренжімегені керек” деген еді Жәкен бірде. Кейін бәрі де қалпына келді. Айтыман да айтұлы ана болды. Ешкімді өгейсіткен жоқ, барлық халыққа қамқор бола білді. Тоқсан жыл жасап, өткен жылы ғана қайтты.

Үшеуінің өзара құрметі балаға деген көзқарастан да танылатын. Бірінің көңліне келмесін деп, асырауға берген баласына екіншісі жақында майтын, іш тартпайтын. Смайлға бергеннен кейін Жәкен маған таянып, іш тартып, сөйлесіп көрген жан емес. Смайл өлгеннен кейін де осы әдетінен жаңылған жок. Қайтыс болар алдында көңлін сүрай барғанымда: “Әкеңнің көңліне келер деп бетінен сүйіп көрмеп едім, қолыңнан сүйейін” — деп, сәлем беріп үстаған қолымның сыртынан сүйіп еді. Дініне қандай берік, ағасының әруағын сыйлауға қандай мықты адам деп ойлағам сонда. Жаманға берген балаларына да осылай қарады. Осы күні Жәкеннің кейбір балалары туыстарына кеткен балаларға жоқтаушы болып, олардың үрпактарын Жәкен атына (әкесі Жаман атында болса да) жаздырып жүр деп естімін. Олар бауырларын сыйлашап өткен Жәкен соған риза болар деп ойлай ма еken! Қайта бауырының атауы кемігеніне назаланып-ақ жатқан болар! Ал, Жаман өзі өлгеннен кейін шын әкесін тапқан үрпағына қашшалықты риза дейсіз? Аруақты назаландыру деген осы емес пе? Бөліну деген осындайдан басталады да. Қекірегінде саралық жок, ата-ана дәстүрін сезінбейтін жандар нанға тойса, кеудесі пісіп шыға келетіні де тәрбиесіздіктен болар. “Тамағым менікі, арағым менікі” деп, келген туыстарын дастарханнан куған жастар оліні де, тіріні де сыйлайды деу кын.

Бала асырап алу дәстүрі кейін немерелерді ауыстырып асырауға уласты. Хамиттың бір баласы Смайлдың үйінде өсіп, ол кісі олген соң Сәбиттің асырауында болды. Әкем марқұм Алматыға сонғы келген сапарында (1958) маған “Әділ деген баланды маған бер, асырайын” деп еді. Мен ол кісінің ұсынысына түсінбегендік корсеттім. Шынында, мен ол кезде өз баласы бола тұрып, бала асырап алу дәстүрін түсіне бермейтінмін. “Әркім өз әке-шешесінде неге оспейді? Оларды тірі жетім, тас бауыр етіп өсіру неге керек?” деп ойлайтынмын. Әкеме осы ойымды айта салдым. Үш үйге ортақ үлкен бала болғандықтан ойымды еркін, ашық айтатын әдетім де болатын. Әкем марқұмның: “Ой, сен не білесің? Біздің саясатымыз сендерді жат қылмау гой” дегені есімде. Бүгін ойласам, осы сөзде көп ақыл, өнеге жатыр еken гой. Бірінің баласын бірі асырап алу арқылы олар үрпағын байластырып, матастырып, біріне-бірін теліп кетуді мақсұт өткен еken. Мысалы, маған Жәкеннің балалары жат емес, қанша дегенмен бір әкеден тудық. Ал, Смайлдың балаларымен бірге өстім. Сондықтан мен екі өнеге телі төл сияқтымын. Туыстықты сактау, балаларды өзара жақын болуға баулудың саясаты да халықтық үлкен дәстүрдің бір көрінісі еkenін, әке сезінің мағынасын есейе келе түсіндік.

Әкелерім сөзіне де ие, ісіне де тиянақты, үрпағына көп өнеге қалдырған кісілер еді. Смайл жасынан ел ішіндегі кеңес жұмысын аткарып, ауылдың беделді, жағымды басшыларының бірі болып атағы шыққан адам болатын. Біздің елімізде Қирабайдың Смайлдың білмейтін адам аз еді. Смайлдың баласы дегенді біз

осы күнге шейін мақтан тұтамыз. Жаман Смайылдың інісі болып танылды да, кейін аудан қолемінде ол да көп қызмет атқарды, белді азаматтардың бірі болды. Үнемі ағасы сияқты ауылдық кеңестің, колхоздың, совхоздың басшылық қызметтерінде жүрді. Жаңарқа қолемінде бұл екеуі болмаған ауыл жоқ еді. Солардың қолында жүріп, біз де көп жер көрдік, ел таныдық, жақсыра жанасуға үйренедік. Кезінде Смайыл да, одан кейін Жаман да ауданның қай жері олқы жатса, сол жерді толтыруға жұмысайтын еңбеккерлері болды. Құлкен Шаяхметов деген бұрын аудандық кеңестің төрағасы болған жігіттің “Қирабайдың Жаманы сияқты жігіттер түрғанда, ауданда олқы шаруашылық болуы мүмкін емес. Ол қайда жіберсең де, бөрін орнына қояды. Оны орынбасар қып берсе, мен де кез келген артта қалған шаруашылықты басқаруға бара берер едім” деген сөзі ел арасында кең тараған. Смайыл қайтыс болғаннан (1960) кейін де Жаман бірқатар жыл қызмет істеді. Бұл жылдары ел ағасы дәрежесіне котеріліп, беделі көп артты. Смайылдың бар кезінде оның інісі болып қана жүрген Жаманның кейін елге беделі одан да артқанын замандастары да, онымен істес болған ел де Жаман қайтыс болғанда егіліп тұрып айтып еді. Жәкен осы екеуінің шаруасына ие болып, ауылда, оз колхзында отырды. Әкелерімнің қогамдық істері, коппен сыйлас мінезі, жүртпен тіл табысып, түсініс кететіні, томенті адамдарға ілтиппатты кішіпейілдігі оз балалары үшін ғана емес, кейінгі үрпаққа да онеге боларлықтай еді. Ондаі әкелердің атына соз келтіру — күнөнің күнәсі.

Әкелерім де сол тұстағы замандастары сияқты өз дәуірінің адамдары еді. Олар қыын заман кешті, соите тұра барын сол кездің қогамдық тәртібін нығайтуға, оздерінің шама-шарқынша сліді көтеруге, адамдарды тәрбиелеуге жұмысады, оздері де осіп жаңа тәрбие алды. Жаңаша оқуы аз болғанмен, халықтық қайраты мол, көкірегінде оты бар, сезімі сергек жандар еді. Елім деп жүрген соларды да заманы еркелетіп көрген емес.

30-жылдардың орта тұсында менің әкем Жаңарқа ауданының бірінші аулында ауылдық кеңестің төрағасы болып істеді. Ол кезде бұл ауылдық кеңеске “Еңбек”, “Қара жартас”, “Қос там”. “Қоғамшыл” деген колхоздар қарайтын. Аштықтан жүдеп шыққан шағын ауылдар еді. Оларды аяғынан қаз түрғызу, елдің есін жыйызып, кеше ғана ұжымдық шаруашылыққа сенімі азайған халықты қайтадан кенес саясатына бұру онай шаруа емес-ті. Әкем осы жолда аянбай, күн-тұн демей еңбек етті. Партияның тапсырмасын орындағы, елмен де тіл табысты. 1936 жылғы конституцияның жобасын талқылау, 1937 жылғы КСРО Жоғарғы Кеңесінің алғашқы сайлаудың откізу деген науқандар да ауыр шаруа болатын. Олардан да абыроілы шықты. Сойтіп жүргендеге “халық жаулары” деген науқан келді. Ауданың басшылары үсталды. Әр жерде-ақ олардың “сыбайластары” табылып жатты. Облыстық “Қарағанды пролетариаты” газетінде “Қирабаев — халық

жауының қалдығы” деген мақала шықты. Әкемді ауданға шақырту көбейді. НКВД қайта-қайта шақырып: “Алматыға бардың ба? Қашан бардың? Не бітірдің?” деп сұрайды еken. Әкем Алматыға барып кормегенін айтса, сенбей, қайталап сұрай беріпті. Ақыры таяуда ғана Алматыға оқуға барып келген, аудандық партия комитетінің қызметкері, інісі Жаман үсталыпты да, әкеме тимепті. Оның есесіне “халық жауының ағасы” деп жұмыстан босатты.

Біз елге — оз аулымызға коштік. Әкей ауданда қалып, бір-екі айдаі тексерісте жүрді де, өзіміздің колхоз — “Келтеталға” бастық болып оралды. Келісімен елді жинап, орталықтың меншігін күштейтуге күш салды. “Жаманды қамап қойып, мені тегін жіберіп отырган жоқ, сынауга жіберіп отыр”, — деп өзінің бар малын ортага откізді. Басқаларды да аяған жоқ, малын алып, оздерін колхоздың жұмысына жекті. Колхозға откізілген малдың ішінде “Смайылдың сұр аты” атанған әйгілі аты да кетті. Бәйгеге қосылғанын корген емеспін, бірақ жүрісті, сұлу, есті, қолға үйренген жануар еді. Ол еркелеп келгенде, балалар сұлы толы дорбаны алып шығып, жемдеуші едік. Сол аттың ортага берілуі бәрімізді егілтті. Әкем “озім тұрғанда ешкім тимейді, өзім мінем гой” деп жұбатты бізді. Колхоз көтеріліп, ел есін жинады, етін, шебі уақытында алынды. Жаулығы долелденбей Жаман қайтып келді. Бұл күндер біздер үшін үлкен қуаныш болып еді. Жаман үсталғанда, біздің әкей “бұдан да оліп қалғаны жақсы еді” депті. “Жау” деген жаман созден жасқанғаны ғой, бетке шіркеу еткісі де келмеген болар. Сонда Кара Қасым деген туысымыз (әкейдің құрдасы) “Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді” деп жұбатқан еken. Жаман босап келгенде сол кісінің олген інісін еске алып, кебенек киген Жаманның қайтқанын, кебін киген Кошеннің кеткенін айтып жылаганы есімде. Осыдан кейін әкейді қайтадан ауылдық кенеске тораға етіп, 6-ауылға ауыстырды. Осы күні қарап отырсам, сол ауыстырулардың бәрі — артта қалған шаруашылықты көтеру үшін, іске жаңа карқын беру үшін жасалады еken гой. 1939 жылы біз кошіп келгенде бұл ауыл да жүдеу, шашыранқы коныстанған ел еді. Аз жылдың ішінде жинақыланып, іргелі ауылға айналды.

Бұл кезде мен аудан басында орта мектепте оқитын едім. Бір күні әкей келіп, ауылға қайтып бара жатқанын, кешеден бері бір шұғыл шаруамен жүргенін айтты. Алдағы демалыс күндерін пайдаланып, үйге барып қайтуға мен де ердім. Алғашқы қар түскен кез. Ат-шана үстінде екеуміз ғана. Әкей қабагы түсінкі, ашылып сойлелі алмай коп отырды. Бір кезде: “Келтеталдан” маңқамен ауырды деп, бір топ жылқы алып келіпті. Ишінде сұр ат та бар”, — деді. Мен елең ете қалдым. “Атты атып тастанды”, — деді әкем аз үзілістен кейін. Мен жылап жібердім. — “Алып қалатын жағдайым да бар еді, бірақ ойтпедім. Қолдан кетіп қалды ғой. Әркімнің астында, жауыр болып жүргенін коргенше, атылып кеткенін дұрыс кордім”, — деді әңгімесін үзіп-үзіп жалғап. Озіне үйренген, коп жыл қанаты болған атына қиналып отырганын кордім. Осыны

айтып, мен үйге жылап кіргенде, Толеупас анам бастап, үй-іші түгел жылады. Экем де козіне жас алды. Сынбайтын, қайратты кісі сияқты еді. Жаман ұсталғанда да жылаганын кормеп едім. Заман сындырады екен, үнемі қыспақ пен сынға түсіп, қогам мүддесі үшін жаңына серік жалғыз атын да беріп кеткен әдамның бір сөт болса да, өлсіздікке берілуі қандай аянышты еді. “Озімдікі” деген дүние болмады ғой оларда. Заман азаматтарын озін емес, елді ойлауға, халық тағдырына жауапкершілікке үйретті.

Әкслерімнің бауырмалдығына, туыстық қарым-қатынасының сақталуына, маңына адам үйірілуіне аса айрықша еңбек сіңірген адам Бибікамзе (Толеупас) анам еді. Ол кісі қайтыс болғанда, Жәкеннің “Үйитқым-ау!” деп жылаганы есімде. Мен де ол кісіден өгейлік көрген емеспін, қайта дүниеге, омірге козімді ашқан, ерте ессеюіме себепкер болған сол кісі болды. Бүгінде де мен шақырмaghan жерге қыдырып баруға, бейсауыт жұруге жок адаммын. Кейде ағаларым “Солем беруді білмейсін”, деп өкпелен те жүреді. Бірақ өдettенбеген дүниені жасау кыны екен. Сол өдектеке баулыған да анам болатын. Ол кісі мені үйден шығармайтын, көрші үйлерге де жұмсамайтын (оз балаларын жұмсайтын). Бірде апам (улken шешем) бір үйге конакқа барды. Әжелерінің сонынаң қыдырып барып ет жеп қайтатын балалардың өдті ғой — көрші балалар да мені үтітеп, өжеміздің артынан барайық десті. Сонда анам: “Сен үй қыдырып жүрсөн, жаманаты маган келеді ғой”, — деген еді. Сойтсем, менің жетімдігімді ойлап, үй қыдырып жүргенімді намыс көреді екен. Мен бармай қалдым. Сол анам олерінде (1941) оз балаларының бірін де шақырмай, мені бауырнына басып отырып, “бір емес, скі жетім қалдың ау” деп жылап еді. Сондай аналар жақсылығы ұмытыла ма?

Соғыс жылдары әкей Карл Маркс атындағы колхозға бастық болып барды. Бұл да бір тозып кеткен, бастық құтаймайтын, арыз жазғыштары көп ауыл екен. Соғыстың ауыр жылдарын біз осы ауылда өткіздік. Бұл кезде мен мектеп бітіріп, оқуга бара алмай, ауылдық мектепте сабак берс бастадым. Колхоз шаруасының бас-аяғын жинап, шашырап кеткен дүниені түгендей бастаған біздің әкейдің үстінен де арыз жазылып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жақан Сүлейменов келіп, жиналыс откізгенін білем. Біраз елді сойлетіп, колхоз бастығына тағар кінөсін (кіно дерлік ештеме де айтылған жоқ) тыңдал алып, Сүлейменов үзак сойладі. Сонда “тозып кеткен ауылдарыңды жинап, слінді ет қылғаннан басқа Қирабаевтың не кінөсі бар?” — дегені есімде. Аудандық комитет хатшысы сол жолы арызшылардың кейбіреулерін басқа жаққа ауыстырып кетті. “Карл Маркс” атақты колхоз болды. Жылқылы ауыл еді. Жылқы фермасы колхозға коп пайда берді.

Мен бұларды әкемді мадақтау үшін айтып отырган жоқпыш. Заманың қыспакта үстай жүріп, жана үрпақ осіргенін, ел бастар азаматтар торбиелегенін, солардың дәстүрін еске алып жазып

отырмын. Жаман да Смайылдың ізімен жүрді. Бұрын Смайыл істеп кеткен жерлерде болды. Сонда Смайылмен достасып айрылысқан ел Жаманды қуана қарсы алғып, кейін қызыспай айрылысты. Студент кезімде бірінші ауылда тұрган Жаман үйіне барғанда мен оны анық көрдім. Смайыл түгілі сонын сол кездегі кішкентай баласы маған елдің жасаған құрметі ерекше. Қайран сл-ай! Қимайтын, ұмытпайтын қасиеттерің көп-ая!

Ел басқару деген үлкен өнер ғой. Ел басына қамшы үйіріп, қорқытып істететіндер де болады. Бірақ зорлық пен құшке сүйенген басшылықтың құны қандай екенін өмір өзі дәлелдеп келеді. Мәселе — елмен тіл табысып, түсініспіп істесуде. Ұрсу мен айғайда емес. Әкелерімнің тәжірибесі маған осыны үйретті. “Таспен атқанды, аспен ат” деген халықтық принципті берік ұстаған олар дүшпандарымен де жауласып көрген емес. Оларға үнемі жақсылық жасап, кейін достасып жүрді. Жаманшылықты жақсылықпен женуші еді. “Иттің мінезіне иттікпен жауап берсөн, өзің ит бол кеткенінді білмей қаласын” деуші еді әкем. Ондайдың борінде конгіш болатын. Бірақ намысын таптатуға, озін қүштеуге, корлатуға конбейтін. Осында мінезді бір бастықпен келісе алмай, жұмыстан да алпысқа жетпей босады. Зейнетакы сұрап та сол адамның алдына бармады.

Смайыл да, Жаман да ел созін коп билетін, әңгімешіл, әзіл-қалжыңын араластырып, маңайына ел жинап отыратын кіслер еді. Жәкең бұйығылау, коп сойлемейтін адам болатын, бірақ оның да озінс жетерлік юморы бар-ды. Халықтық салт-дәстүрге берік адамдар заманның ұсынған жаңалықтарын жатырқамаған. Кейінгі шыққан салттың озығынан қашпаған. Мен Алматыдан үйленіп барғанда, әкем марқұм Әлияның басындағы орамалын өз қолымен алғып тастав: “Қалада, оз үйінде қалай жүрсөн, солай жүре бер. Келін болу орамалға байланысты емес, сыйлай білсөн болғаны”, — деп еді. Үлкен келінімен ашық сойлесіп, оған арқа сүйеді. Кейінгі балаларды соған жіберіп, соның маңында ұстаға тырысты. Оқуға келетін балаларды кобінесе өзі ертіп келетін. Кейін Жаман ертіп келіп жүрді. Олар келсе, біздің жалтара алмасымызды билетін жоне кабылдаудың жауапкершілігін арттырып кететін. Солардың арқасында бізге қараған елдің балалары едоуір оқыды. Жаңарқа “Қирабайдың бұзауына дейін оқыды” деп аныз етіседі. Бізді панарап, осылардың біразы Алматыны қоныстанды.

Менің әкелерімнің туыстыққа, бауырмалдыққа көзқарасығана емес, олардың бойындағы қазаққа тән мінез-құлықтың, кендіктің, омірге азаматтың көзімен қарай білгені де кейінгі үрпаққа үлгі деп білем. Өмір алдында жауапкершілік деген болады. Оны олар қатты сезінетін еді. Өздері үшін өмір сүрмей, жанталасып, жағаласып жүріп еңбек етті, із қалдырыды, үрпақ тәрбиеледі.

Алла сол әкелерге жар болсын! Ал, әкелер аруагы үрпағын колдап жүрсін!

# ӨМІР ТАҒЫЛЫМДАРЫ

---

## Тұған жер

Тұған жерін сағынып еске алмайтын адам болмайды. Біздің казақ тұған жеріне кіндігінен байланып, арқандаулы аттай соны айналып жүретін халық қой. Аз уақыт үзап кетсөн де, ол есінен шықпайды, сол жерде өткен балалық шағын, бал дәурен жастығың еске түседі. “Ер тұған жеріне, ит тойған жеріне” деп тегін айтылмаған болар.

Мен тұған жер – Қарағанды-Жезқазған теміржолының бойында, Жаңарқа ауданы. Аудан орталығынан асфальт жолмен Жезқазғанға қарай жүрсөн, 70 шақырымдай откен соң “Бес маршал” деген жер кездеседі. Бұрын Жезқазғанға қатынаштың автобус аялдамасы да солай аталған. Елуінші жылдардың бас кезінде зейнетке шыққаннан кейін біздің өкей (Смайыл Қирабаев) осы жерден коныс теуіп үй түрғызған екен. Соны коріп, өзімен құрбы тағы төрт шал (ішінде Қекі, Жүкен деген аталас туысзамандастары бар) үй салыпты. Бұрын бұл жерде қыстау кормеген бір өкіл отіп бара жатып, қасындағы Ондібай деген жігітten бұл кімдердің үйі деп сұрапты. Сонда қуақы Ондібай мұнда “бес маршал тұрады” депті. Содан сол жер “бес маршал” аталып кеткен.

Кейін өзін сол жерге жерлеуді осиет етті. О кісі сол жерге қоныстанғанда-ақ сүйегін сонда қалдыруды ойлаған сияқты. Озінің олетінін алдын ала сезді. Аздал науқастанып жүрді. Естіп, қонілін сұрай елге барғанымда, “қайратым қайтқан жоқ, бірақ кеуде жағым босатпайды, ентіге берем” дегенді айтты. Емдеть жайын сөз еткенімде, оған құлық танытпады. “Осы жерден топырақ бұйырса” дегенді қайталаї берді. Кейін білдім, қонілін сұрай барған інісі Жаманды оз үйі мен үлкен жолдың орта тұсындағы бір шидің тубіне ертіп барып, “олай-бұлай болсам. мені осы жерге жерле” депті. Жаман жақын жерде жатқан өкешешесін, басқа туыстары жатқан қорымды еске алған екен, оған қөнбепті. “Сүйектің бірге жатуы міндетті емес, рух табысады” депті. Ақыры сол жерге жерленді. “Смайылдың қасына жатамыз” деген замандастары, туыстары кобейіп, кейін ол жер үлкен қорымға айналып кетті.

Үлкен жолдың бойында, қатарында темір жол – Монадырь деген станция бар, солармен жарысып ағып жатқан Сарысу өзені – тұрмысқа, тіршілікке қолайлы қатынастың жолы болатын. Сарысұдың қалың ну шөпті, жазда гүлі жайқалған, сұы мол (жазда Сарысу бөлініп болек-болек колге айналады) бір сөнді тұсы –

осы. Біздің жас күнімізде өкей осы жерге, озенге жақын жағалауда киіз үй тігіп отыратын. Мен үйленіп, елге Өлияны алып барғанда да осында күткен. Болашақ табиғат зерттеуші келіншегім Сарысу бойының сөнді табиғатын коріп таңырқаған. Өзен жағалап гүл теріп, озеннен болінген көлдерден балаларға қосылып балық аулаған. Қызықтап жүріп, жаңа тұсken келин екенін ұмытып та кеткенін кейін ылғи есіне алып отырады.

Осы жерден ұзын жолды қигаштай, солтустік шығыска қарай жүрсесін, кең далада жайқалған қалың шопті жазыққа кездесесін. Бұл жерді “Аяқ” немесе “Келтеталдың аяғы” дейді. Келтетал содан сол жогарылау, шобі мол, бұрынғы озеннің арнасы сақталған, екі жағында қыстаулар орналасқан ауыл. Одан жоғары – Ботей. Осы Ботейдің тұсында кезінде қалың бұлақ болыпты. Бұлақ сұы арна салып озен құраған. Екі жағын шағын тал, шілік басқан өзен аңгары Келтеталдан оте бере тегістеліп, далаға жайылған. “Келтеталдың аяғы” дейтіні сондықтан. Бұлақ сұына қектемігі қар сұы қосылып, Келтеталдың тасығанын, екі жағалаудағы елдің катынаса алмай қалғанын біз бала кезімізде талай көргенбіз. Әуелде Аяқтың шобін шауып, қыстау маңына, мал фермаларына тасып үйстін колхоз (кейін совхоз болған) кейін мал қораларын сол Аяқтың озінен салып пайдаланған.

Міне, мен туган олке – осы. 1927 жылдың көктемінде қар шала кетіп, құн жылуы айналаны шапағына болей бастаған тұста, осы Келтеталдағы қыстауда туыппын. Әкей марқұм: “Ескіше наурыздың оны күні тугансың” дейтін. Кейін соған 13 күн қосып, құжаттарыма “наурыздың 23-і” деп жаздырдым.

Әкем мен олардың туыстық дәстүрі жайлы “Менің әкелерім” атты естелігімде жазғанмын. Оған қосарым – менің бірер жастағы кезімде анамның қайтыс болғаны, мені Смайылдың әйелі Бибіқамзे анамның бауырына салғаны. Бірақ мен мектепке барғанша атам Жаксыбай мен әжем Балжанның қолында болдым. Алпысбай да, Хамит та сол үйде ости. Содан алғаш мектепке барғанда, Жақсыбаев болып жазылғаным да бар. Жазда Қарағашта тұратын Жаманның үйіне барып, Алпысбай марқұм екеуміз күзде сол жердің мектебінде оқыдық. Алпысбай есейіп қалған (1920 жылы туган). Ол екінші класқа, мен бірінші класқа бардым. 1933 жылдың күзі болатын. Алты-ақ жастамын. Жәмкемнің (Жаман) мектепке бере қоятын ойы жоқ еді, әуелде Алпысбайнға ілесіп барып жүріп, кейін оқып кеттім. Ұстазымыз – Шайхиддин Әбдрамов деген кісі еді. Жаңарқа қолемінде тұнғыш мектеп мұғалімдерінің бірі болатын. Біздің өз ауылдарымызда мектеп кейін ашылды.

Екінші класта аудан орталығындағы мектепке бардым. Ақкем (Смайыл әкем) ауданда тұратын, жазда соның қолына келдім де, қалып қойдым. Менің “Жаксыбаев” болып жазылғанымды көрген

әкем “Жақсыбаевың не? Жақсыбай баласы – Жөкен, біз Қирабаев баласымыз фой” деп қалды. Содан мектепке барғанда Қирабаев боп жазылдым. Екінші класта Қамар Жолдасбаев деген жас мұғалімнен оқыдым. Қамар, Осербай Шамаев, Балғатай Отешов деген үш жас жігіт сол жылдары аудандық мектепте сабак берे бастады. Өздері әдемі киінетін, бірге жүретін, сыртынан қызығып қарайтынбыз. Бала коніл солардай болсак деп армандаітын. Қамар біздің үлкен нағашымыздың (Балжанның ағасының) баласы еді. Соғыс кезінде мұғалімдікті тастанап кетті. Осербай біздің үлкен нағашымыздың (Балжанның ағасының) баласы еді. Соғыс кезінде мұғалімдікті тастанап кетті. Балғатай ғана омірін үстаздықпен өткізді. Жаңарқа ауданының қарт үстаздарының қатарында құрметке ие болды.

Әкей бұл жылдары Жаңарқада салына бастаған аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті үйінің құрылышын басқарды. Ол кісіні бұл жұмысқа тағайындауға аудандық атқару комитетінің торағасы Нығман Тәукин себепкер болыпты. 1932 жылғы аштықтан жүдеп шыққан халыққа мал үlestіру науқанын басқарған Тәукин сол малды алу үшін әкейді ертіп барып (малды кайдан алғанын білмеймін), сол жолы екеуі жақсы танысып қайтыпты. Келгеннен кейін де мал үlestіру ісін әкейге тапсырған. Содан сеніміне кірген әкейге ісіне тиянакты дең аудандағы ең жауапты құрылышты басқартқан. 1937 жылы Тәукин үсталғанда екеуінің байланысы бар деп газетке жазушылардың (“Қирабаев – халық жауының қалдығы” деген мақала “Қарағанды пролетариаты” газетінде басылған) тілге тисек еткені де осы болатын.

1936 жылдың жазында мен үшінші класты бітірдім. Мектебіміз орталау ғана білім беретінін бүрын аңғармаппын. Сол жылы 7-класс бітірген бір топ жастарды шығарып салу рәсімі кезінде бір-ак білдім. Одан, әрі қарай оку Алматыда екен. Оларды аттандырып, окуын жалғастыруын тілеген митинг тұсында Іслом Жарылғапов, Шақыма Дүйсебаев, Әбутөліп Жұбаев сиякты ағаларымның аттары атаптап есімде қалыпты. Үшеуінің әкелері де елге танымал азаматтар болатын. Мен де білестінмін. Олар Алматыға келіп, дайындық курстарын отіп, КазПИ-ге түсіпті. Борі де жақсы оқып бітірген. Тек Шақыма әскерге кетіп қайтпай қалды. Қалған екеуінің есімі елге танымал.

Осы жылдардың оқығаларынан есімде қалғаны – Фабдиман Игенсартовпен көрші болуымыз жөне Осербайдың үйленуі. Фабдиман Игенсартов деген Қарқаралылық ақын, кейін талаї кітаптары шыққан, Жаңарқаға аудандық атқару Комитеті торағасының орынбасары болып келіп біздің үйге кірді. Біздің кең қора-жайымен үлкен екі болмелі үйіміз болатын. Кейін сол қора-жайының ішінен Жаманға деп әкей тағы үш болмелі коржын үй салды. Ауданға жаңа келген қызметкерге үй таба алмай, аудан

басшылары өкейге қолқа салыпты. Әкей өзі отырған екі үлкен болмені босатып беріп, үш бөлмелі қоржын үйдің бір жағына кірді, екінші жағына сол тұста ауданға ауысқан Жаман келіп орналасты. Фабдиман үлкен кісі ғой, күндіз қызметте болады, біз балалар көре бермейміз. Кірген-шыққанда ғана байқап қаламыз. Жасы егде тартып қалған шешесі болатын. Сол кісі балаларын жинап алып, ылғи асық ойнайтын (хан ойыны). Әуелде бізге ерсі корінгенмен, біз де үреніп, асық жинап, хан ойнайтын болдық. Фабдиманның аздап өлең жазатынын байқайтынбыз, анда-санда аудандық газетке шығып қояды. Кейінірек Қарағандының облыстық газетіне басылып жүрді. 1937 жылы Пушкиннің қайтыс болғанының 100 жылдығына арналған көлемді бір өлең “Қарағанды пролетариатында” шыққанда біз бірінші ауылда едік. Әкей “Фабдиманның өлеңі шығыпты” деп газет әкеліп, бәріміз жиналатып тындағанымыз (окушы – мен) бар.

Қадырлеп, қастерлейді кенес елі  
Батпактан аршып алып коз бұлагын, –

деген жолдары есімде қалыпты.

Осербай нағашымыз сол жылы біздің үйде, Жаманмен бірге бір болмеде тұрды. Салт. Қолымызда және бір жиен қыз бар. Аты – Файни. Үй іші оны Қаят дейтін. 1932 жылғы аштықтың артында біздің ауылға Әмір деген шал көшіп келген. Бізге жиендігі бар екен, өкейді панарап, 3-4 жыл тұрды. Денелі, түсі суықтау, козілдірік киетін, татарға үқсас адам еді. Жалғыз қызы бар. Ол – осы Файни. Олар ауылда қалды да, Файни біздің қолымызда оку оқыды. Есейіп қалған қыз үйдің Жамандар тұратын бөлігінде, Осербай барлығы бірге жататын. Сойтіп жүріп Өсербаймен көңіл косып қойыпты. Екеуі үйленбекші болады. Бірақ оған қыздың жасы жетпейді, әрі оқытып жүрген шөкіртін алуға мұғалімнің құқы жоқ деген заң бар – аяқ астынан Осербай істі болды да қалды. Біраз күн түрмеге де отырып шықты-ау деймін. Ақыры ел болып ара түсіп, сот шартты турде бірдеме кескен болып, босап шықты. Файнидың жасын осіріп құжат алғып, екеуін қостық. Жас қызын өүреге түсіргенге наразы болған өкесі де біздің өкейдің ынғайымен басылды. Кешікпей еліне көшіп кетті. Осы кезде ауданда ойын-сауық үйірмесі Бейімбет Майлиниң “Шұға” пьесасын қойып, соны қызықтап көп баратынбыз. Шұғаның, Әбіштің өлеңді монологтарын жаттап алғып айтатынбыз. Сондағы Шұғаның атын Файни (Қаят) деп, Әбіштің атын Өсер деп, Шұғаның женгесі Мақпалдың атын Бәден (Жаманның әйелі) деп озгертіп Базарбайдың жырын менің оларға мадактау, жұбату қып айтқаным есімде.

Серпілді, тұман, серпілді.  
Аласын, Қаят, еркінді

Көргенде Осер куансын,  
Құбылт, Қаят, көркінді  
Женілді, әкең, женілді  
Женғен Бәден қонілді.  
Оксігінді бас, Қаят,  
Омір таны көрінді.

Құрылыс жұмысы аяқталған соң сол жылы әкейді бірінші ауылға ауылдық кеңестің төрағасы етіп жіберді. Ауылдық кеңестің орталығы “Еңбек” колхозында болатын. Мен төртінші класты сол ауылда оқыдым. Бұл – Жаңарқаның шығыс бетінде, Оспен (Нілді) руднігіне таяу ауыл еді. Әкейге еріп рудникті, ағылшындар тастан салған үйлерді, мектепті (кезінде Сәкен оқыған) кордім. Сәкен аты бұл кезде дүрілдеп тұрған. 1936 жылы оның шығармашылық қызметінің 20 жылдығы аталағып, мектептің алдында суреті мен плакат ілінген екен. Әкей мен оған еріп барғандарға рудникті көрсеткен адамдар Сәкен атын мактандышпен атағаны есімде. Бұл ауылда бір жарым жылдай тұрдық. Аштықтан жүдел шыққан елдің тіршілігі үлгайып, есін жиганына күә болдық. 1936 жылғы СССР Конституциясын қабылдау (дуелде жобаны талқылау), СССР Жоғарғы кеңесінің бірінші сайлауын өткізу сияқты науқандарды абыраймен өткізген әкейді 1937 жылдан бастап айналдыра бастады. Жаңарқа аудандық партия Комитетінің бірінші хатшысы Мәжит Ордабаев үсталды. Абдолла Асылбеков, Мансұр Фатаулиндермен бірге Қарағандыда откен атакты сот процесінің шешімімен атылып кетті. Нұғман Тәүкін үсталды. Халық жауларын өшкерелеу ауданда катты өтті. Смайл Тондығұлов деген аудандық ішкі істер болімінің бастығы қатығез, әпербақан адам еді. Сол Сәкен Сейфуллин, Жанайдар Садуақасов сияқты сол елден шықкан адамдардың елге келген кезінде кездескен, әңгімелескен адамдарын, туған туыстарын (ішінде Сокеннің қарт әкесі Сейфолла да бар) тізімдеп түрмеге тықты. 1936 жылы Жаңарқада үлкен бір жөрменке откен. Бұл тұрмысы жүдесу елдің малын сатып, керек-жарагын алуына, саудаға араласуына комектесетін шара есебінде үйымдастасқан болатын. Сол жөрменке мал басын кемітіп жіберді. Әдай қастандықпен жасалды деп, оған қатысқан, мал сатқан. жөрменкені үйымдастырған адамдардың бөрін үстады. Ішінде талай сауатсыз, саясаттан хабары жок карт адамдардың кеткенін көзімізben көрдік.

Әкейдің қызметінен босап, кейін Келтеталға, одан 6-ауылға ауысып барғанын, істеген істері жонінде алдынғы естелікте жазғам. Бұл жылдары мен аудандық мектептің оқыдым. Біз бірінші ауылға көшерде екі қабатты жаңа мектеп салынып жатқанын коргем. Мектебіміз орта мектеп дәрежесін алып, сол жаңа үйге кошкен екен. Бесінші кластан бастап, бітіргенше мен сол мектеп қабыргасында тәрбие алдым.

Мұғалімдерімнің көпшілігін қазір ұмытыпсын. 5-6 кластарда қазак тілі мен әдебиетінен Балгатайдын сабак бергені есімде бар. Тарихтан Ақтай Ишмұхамедов берді. Сонді киинетін, сыпайы, жас жігіт еді, қысқы демалысқа шығып қайтып келсек, аудандық комсомол комитетіне хатшы болып кетіпті. Содан өсіп, Қарағанды облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды. Ол кеткеннен кейін тарих сабағын Дамыл Ысқақов жүргізді. Алаңғасарлау, тілін шайнап сойлейтін, аузына келгенін айта салатын, балалардың алдында ұстаздық этиканы сақтай бермейтін жігіт еді. Бір жолы артқы партада сабак тыңдамай әңгімелесіп отырған екі қызға қарап ескерту жасағаны есімде.

— Әңгіме бұзау емізер, бұзау таяқ жегізер, — деді ұстазымыз. Біз шу ете қалдық.

— Ағай, ол не деген соз?

— Мысалы, — деді айтқан созінің мағынасын ажыратып түсіндіргісі келген Дамыл, — ана екі қызы байға тиеді. Үй болған соң сиры болады. Бұлар әңгімелесіп отырғанда, сиыр жамырап кетеді де, бала-шағасы сүтсіз қалады. Соңсоң қүйеуі келіп үрмай ма? “Әңгіме бұзау емізер, бұзау таяқ жегізер” деген мақалдың мағынасы осы.

География сабағынан берген жақсы мұғалім Төлеухан Хамитов есімде қалыпты. Картаны жақсы білетін және салмақты түсіндіретін еді. Соның арқасында география менің жақсы коретін пәндерімнің бірінсі айналды. Соғыс кезінде өскерге алынып кеткен осы ұстазымды 1944 жылы мен Қарағандыда кездестірдім. Жаңа қалада Киров көшесінің бойымен келе жатыр едім, облыстық оқу болімінен екі қолтығына екі балдақ тірегсін, аяғын баса алмайтын бір мүгедек адам шығып келе жатты. Козіме жылы ұшырай кетті. Таныдым — Төлеухан ағай екен. Тоқтап сөлем бердім. Аты-жонімді, өзінен оқығанымды айттым. Ол да есіне түсірді. Соғыста қатты жаараланып, госпитальда ұзақ жатып, елге қайтыпты. “Елде жұмыссыз жұруте болмайды фой, оқу боліміне кіріп, Қарқаралыға жолдама алып кетіп бара жатырмын” — деді. Кейін кездескен емесспін.

8—9 кластарда әдебиеттен сабак беріл, менің осы пәнге деген ықыласымды оятқан бір мұғалімді ұмытып бара жатыр екем. Олең текстерін жатқа айтатын, окушыларын қызықтыра білетін ұстаз болатын, фамилиясы Жарылғапов еді. Атын ұмыттым. Әскерге кетіп қайтпай қалды.

Химиядан Қайыржанов Мұқан (Мұқым) дейтін мұғалім сабак берді. Ол да соғыстан қайтпады. Соның ылтипатымен мен химияны да жақсы оқып едім. “Сенен химик шығады” деуші еді ол. Кейінгі жағдайлар (окудан қол үзіп қалуым) бұл ойды іске асырмады. Химия сияқты ғылымдар үнемі жаттығуды, лабораториялық жұмысты талап етеді гой. 9—10 кластарда

математикадан мектеп директоры Бименде Амалбеков сабак берді. Бұл да адам ретінде де, ұстаз ретінде де аяулы азamat еді. Білімді, сыпайы, кісілігі бар— нағыз зиялды адамның бірі болды.

Негізінен кісі үйінде жатып оқыды. Қайда жататынымды өкей шешеді. Үш жылдан Әбдібектің Мәтісінің үйінде жаттым. Бұл — өкейдің туған нағашысының жақын туыстары еді. Ағайын ішінде сыйласқан қадырлы адам болатын. Мәті, Құлшіман, жалғыз ұлы Қаратай — үшесі-ақ, бастары шағын, Қаратайға серік болады. басқаша салмақ түсірмейді деп өкей келіспіті. Осы үш жылдың ішінде мен сол үйдің оз баласындаи болып кеттім. Мәтекен әкемдей, Құлшекең анамдай, Қаратай ағамдай болып сіңістік. Кейін олар өмірден өткенше сыйластығымыз бұзылған жоқ.

6-ауылда біздің өкей 1942 жылдың басына шейін істеді, 1941 жылдың соуірінде Төлеупас апам қайтыс болды. Бүкіл отбасымыз, ағайын-туыстарымыз — бөріміз жетім қалғандаи сезіндік. Аяулы кісі еді, елдің бөрінің анасындаи еді. Жаздың аяғына қарай өкей қайта үйленді. Айтыман деген жас келіншекті корші ауыл — “Жеткіншектен” алып келді. Отыздаң ішіндегі корікті адам екен. күйеуі 1937 жылы ұсталып кетіпті. 4 жасар қызымен келді. Аты — Шайда. Біздің үйдің балаларына тез үйреніп кетті. Кейін Смайылова боп мектепке барды, түрмисқа шыкты, туған карындасымыздай біздің өшагымыздың бір жағын толтыруға жарады. Айтыман анамыз да балаларды оз тұганындаи бауырына басып, ағайын-туыспен, елмен тез табысты.

Айтыман келгеннен кейінгі менің қызық коріп танысқан адамым — жынды Әбен. Сәкенмен аталас туыс, бір ауылда оскен, оның қасында коп жүрген, сайдың мазағы, қалжынқой серігі болған Әбен Айтыман түскеннен кейін “күттү болсын” айта келіп бір ай жатты. Соның аузынан алғаш рет Сәкен жайында өңгімелер естідім. Коп алдында аузына берік Әбен оңаша қалғанда, үй ішінде жас кезін, Сәкенмен бірге жүрген күндерін, күлкілі оқиғаларды есіне түсіреді. Сәкеннің дүрілдеп тұрган кезінде Алматыға да барыпты. Кейін Сәкен ұсталғанда, онымен байланысы бар дег Әбенді де тұтқындалты. Ауылдың сауатсыз шалы, сайдың мазағы, қулығынан басқа қолынан келері жоқ, саясаттан хабарсыз адамның жаулығын дәлелдей алмай, бірер жылдан кейін босатып жіберіпті. Сонда қайтып келген Әбен: “Мениң қадірімнің кетіп жүргені осы кез ғой. Әйтпес, мен дәретке отырғанда екі жағымда екі милиция құзетіп тұрушуы еді”, — депті. Осы сөзді оз аузынан естідім.

Кейін Сәкен шығармаларын оқыған кезде Сәкеннің “Сол жылдарда”, “Қызыл сұңқарлар” сияқты шығармаларында байдың жалши жігіті, куақы Әбеннің күлкілі оқиғаларын жазғанын кордім. “Сол жылдарда” романында Әбен орындаітын “Қара торғай” онінің нұсқасы жайында жазыпты. Оны мен де тындағам.

Аудандық теміржол клубында Қарағандыдан артистер келіп, біреуі “Қара торгайды” айтқанда, Әбен: “Қара торгайды”, қарағым, олай емес, былай айтады” – деп орындағанының күесі болғам. Шынында, Әбеннің “Қара торгайды”, оның шиқылдап кеп қайырылатын қайырмасы ерекше осерлі болатын. Сызылып шығатын, әдемі жіңішке дауысты Әбен әнді аса шеберлікпен орындағанының Сөкен: “Еққу-с-е-е-е дегенде комейін бұлқілдетіп, дыбысты комейінен, тамағынан шығарып, қара торгайдың сайрағаны сияқтандырып, комейін, тамағын қылқылдатып, үнін қайырып, қысық қоздерін онан сайын қысып, жылтырата күлімдеп, мойнын қылқың еткізеді” – деп суреттеген. Осы жіңішке дауыспен оның үзатылған қызы бол сыңсығанын, толғатқан әйел бол зарлағанын мен Әбеннің оз аузынан естідім. Сөкен туралы әңгімелерге кейде Айтыман да қосылып, жас кезінде Сөкенді ауылға келгенде көргенін, ауылдың қыздарына бір-бір иіс сабын, иіссу сыйлағанын, соны өзі үзатылғанша сақтағанын айтады.

Әбеннің тағы бір ерекшелігі – малжандылығы еді. Өмірінде қолмен еңбек етпеген, мал бақпаған, егін екпеген, тек ерке бол ел үстінде жүрген Әбен, табиғатынан ба скен, малжанды еді. Ол бір ай жатқанда біздің үйдің тәнертерен үстаптай желіге байлаудан қашып жүретін құлыштарын қолға үретіп кетті. Бірдеме деп олармен өзінше сойлесіп, жалын қасып, еркелетіп бойына үйретіп алды. Бізден қашқан құлыштар Әбенді көргенде алдына барып тұра қалатын.

Халық жиналып Әбеннің әңгімелерін тыңдайды, құледі, мәзмойрам болады. Сөзді сылайы, өзі құлмей, елді құлдіретін ғып тауып айтады. Юморы да, кекесіні де бай адам еді. Қақырынып, жоткіріп отырып, қақырығын есікке қарай атып жібергенде, ол озіне ұнамаған біреудің бетіне сарт ете түсетін. Қақырығының откірлігіне, өзінің мергендігіне таң қаласын.

Сол жылы соғыс басталды. Соғыс басталар алдында Күн тұтылғаны есімде. Күн бетін ай түгелдей коленкелеп, қараңғы түсіп, ит үріп, сиыр мөніреп, кой маңырап у-шу болған. Жұрт жаманшылыққа жорыған еді. Соғыс басталғанда сол есімізге түсті. Мен ауданда оқығанмен, ауыл арасы таяу, оның үстіне анамыздың қайтыс болғаны бар, екі ортада жүргенім көп болды. Сөйтіп, әкей ауылдағы қызметінен ауысып, ауданға келгенше журдім. Әкей аудандық мемлекеттік сактандыру боліміне (аудандық қаржы басқармасының бір болімі саналатын) бастық болып бекіп, қыс ішінде ауданға көшіп келді. Айтыманның күйеуі оскерге кеткен немере сінілісі (аты – Сөлкен) бар еді, соның үйіне кірдік. Үш болмелі үйдің бір болмесінде екі баласымен озі қалып, екі болмесін бізге босатып берді. Осы үйде Айтам босанып, үл туды, атын Сәбитке ұксатып, Совет қойдық. Кейін Майра (1945), Мария (1948) атты қарындасты болдық. Бірак Советтің омірі ұзак

болмады, жана жүргіріп жүрген кезінде өмірден өтіп кетті. Майра мен Мария ержетіп тұрмыс курды. Балалы-шагалы.

1942 жыл біздің соғыстың ауыртпашилығын қатты сезінген кезіміз болды. Нанды карточкамен аламыз, оның өзі дүкенде үнемі бола бермейді. Әкей келісіп, аудандық асхананың буфетінен алатын етіп тіркетіп койды. Оған мен барам. Нанды аз бергсөн күні бізге жеткізбей, асхананы ғана қамтамасыз етеді. Басқа тамак та карточкаға беріле бермейді. Ауыл да жүдеп біткен, одан келетін көмек жок. Кейде есебін тауып, әкей мал сойған болады, басқа тамак болмаған соң бір етпен күнелту де оңай емес екен. 6-ауылда жүргенде етке салатын нан илейтін үн болмай, ауданнан келген бір өкілге таза ет асып бергеніміз есімде. Сол өкіл ертеңінс “Смайылдың үйінде неғып үн болмады екен!” деп әрі таңырқап, әрі сенімсіздік көрсетіп кеткенін естідік. Оның үстіне 1942 жылдың көктемінен бастап әкейді қайта-қайта әскери комиссариат шақырып, мазалай бастады. Сол жылы елуге шықкан адамды әскерге алалы деген ойымызда жок еді, бұл да мазамызды кетірді. Өзі кетсе, балалардың үлкені – салмақ маған түсетінін сезді ме. білмеймін. Жазда мектептен бос кезімізде мені аудандық банкке ертіп әкеп, бухгалтердің шәкірті етіп орналастырды. Мен аз күннің ішінде банктің есеп-қисабын игере бастадым. Бір күні командировкеге келген облыстық банк бастығының орынбасары Мұхамедьяров деген кісі мені көріп, мен жүргізіп жатқан есеп-қисаптарды қарап: “Сен, балам, талабын бар екен. Қарағандыда үш айлық банктің бухгалтерлерін дайындайтын курс ашып жатырмыз. Соған барасың ба?” – деп сұрады. Мен жасқаншактап, ашық жауап бере алмадым. Әрі оку орыс тілінде жүретінін естіп жүрексіндім. Әкеме айтып едім, ол кісі: “Тәуекел, бірдеме ғып үлгеріп кетерсің, бар. Заман қызын боп барады гой, қызметке үйренгенің дұрыс болар”, – деді. Тәуекел ғып Қарағандыға тартып кеттім.

Қарағандыда баратын үйім – Рақымбектің Құлжан деген баласының үйі. Айтыман шешемнің жақын туыстары. Айтам біздің үйге келгеннен бері танысып, араласып жүргенбіз. Әкесі Рақымбек қажыға барған, кезінде беделді адамың бірі болған екен, кенес тұсында балалары ел ішінде қуғын көріп, Қарағандының шахтасына түсіп, кара жұмыс істеп кеткен. Інісі Қойшыбай екеуі бір үйде катар тұрады. Қарағандының шахтерлерге арнап салған 16 пәтерлік, барак типтес үйі. Әр үй бір бөлмелік қана. Алдында сенегі бар. Есік сенек арқылы сыртқа шығады. Құлжанның осы бір бөлмелік үйінен қонақ үзілмейді. Мен барған тұста Шибұт деген туысы Қарағандының жұмысына шақырылып, елден сол әйелімен келіп жатыр екен. Шибұт, Нұрлықен Тишмағанбетовтер біздің елдің бір қадірлі азаматтары еді. Айтыман түскеннен кейін олармен туыстығымыз жарасып коп араластық.

Екі Қарағандының (ол кезде ескі қала, жана қала деп бөлінетін) арасына электропоезд қатынайды. Шибұт оған қай жерден, қалай мінү керек екенін, нешінші аялдамадан түсетінімді түсіндірді. Сол жобамен барып, жана қаладағы облыстық банкті таптым. Аудандық банктың берген жолдамасын тапсырып, окуга кабылданым. Соғыстың ауыр кезі ғой, алғашқы құндері адам жиналмай, оку бір жетідей кешігіп басталды және үш ай емес, екі айда аяқталды. Орысша нашар білгендіктен, мұғалімдердің айтқандарын түгел түсініп те болғам жок, дегенмен есеп жұмысының біраз сырларына қанықтый. Ол кезде қазіргідей техника жок, счетпен жұмыс істейміз. Сол счетпен косу, алу амалдарын Жаңарқа банкінде-ак үйренгем. Қарағандыда счетпен көбейту, болу амалдарын менгердім. Банктік есеп-қисапты тез-ак жүргізетін болдым. Бір күні практикалық сабағымызға Мұхамедьяров (мені окуға жіберген банк бастығының орынбасары) қатысып, мен атқарған жұмыстарды коріп “Сен орысша түсінбеймін, оқи алмаймын деп қорқып ең, енді дайын бухгалтер болуға жарапсын ғой” деп мақтап кетті.

Өмірі үйден, ауылдан шықпаған маған Қарағандыда болған екі айым үлкен бір мектеп болды десем де артық емес. Соғыстың шын ауыртпашилығын мен осында көрдім. Қайда барсан да, жетіспеушілік, жоқшылық. Жатын үйімнің тұрмысы да жұпны. Шахтерлер ақша табады, бірақ акшага сатып алар ешинарсе жок. Кей күндері капустаның озін турап, етсіз суға қайнатып борш жасап ішеміз. Нан өлшеулі, 500 грамм, әйтеуір уақытында береді. Есіктің алдында дүкен бар. Су да сатулы. Оны карточкамен шелектеп аламыз. Карточка да сатылады. Ескі Қарағандының екі кабатты почта үйінін жаңында Шмидт көшесі, 32 -үйде тұрамыз. Оның сырт жағында теміржол вокзалы (“Караганда—Угольная” деп аталады), базар бар. Қатар салынған 8 потерлік (екінші беті де солай, тұптестіріп салынған) үйдің бір жақ шетінде біз де, екінші шетінде Қайып Айнабеков тұрады. 1929 жылы “Қырдың қызыл гүлдері” атты өлеңдер жинағы шыққан, Сәкеннің қайнағасы, ақын, Сәкеннің көмегімен сол тұстағы совдеп жұмысына араласқан Қайып Сәкен үсталғаннан кейін бой тасалап, шахтага түсіп кеткен екен. Бұл жайды маған Құлжан айтты. Сол кезде алпысқа жете коймаған Қайып енкіш тартып қалыпты, кірген-шыққанда сыртынан қарап қалам.

Окуға барғанда, үзіліс кездерінде, окудан шыққаннан кейін Қарағандының жаңа қаласында коретін омірім де сүрғылт, жүдеу. Әйтеуір түскі тамақты банктің ішінен ішеміз. Тойып емес, талғажу боларлық көрек береді. Кошеге шықсан, тамақ ішетін жер таптайсың. Банктің карсы бетінде әскери госпиталь бар. Неше түрлі соғыс мүгедектері есік алдындағы бак ішінде отырады. Қолы жок, аяғы жок мүгедектердің талайын көрдім. Бір жолы өтіп бара

жатып, екі қолы жок бір жап-жас жігіттің қасында екі-үш адам үйірліп тұр екен. Мен де тоқтадым. Жігіт қолсыз өмірдің қызындығын айтады – не тамак іше алмайсын, дененцің бір жері қышыса, қаси алмайсын. Бұдан екі аякты берген артық қой, – дейді. Қай бір жетісіп айтады дейсін, аяқсыз өмір де ауыр ғой. Жанын ашиды, қамығасын, көңілің жүдейді.

Госпитальдың он жақ қанаты – конак үй. Сол жағында обкомның, облыстық атқару Комитетінің үйі. Алдын алаң етіп шегіндіріп салған. Оның қатарында – кітап дүкені. Ара-арасында оған да кіріп қоям. Содан “Абай” романын сатып алдым. Кейін де талай кірдім. Қарағандыға келген сайдын кірем. 1945 жылы “Жас тулектер”, “Шығанак” романдарын, “Қазак батырын” да сол дүкеннен алғам. Алдындағы көше Сталин кошесі деп аталады. Электропоездың станциясынан басталып, универмагтың, Ішкі істер басқармасының, облыстық банктің үйін жағалап кетеді. Банктен кейін бір-ак үй бар – тұрғын үй. Қарсы бетіндегі шеткі үй – конак үй. Жана қаланың сол кездегі шекарасы осымен біtedі. Асфальт атымен жок, обкомның алдындаған бір көше бойы – алаңға тас төсеген. Қалған қашелердің жазда шаны шығып жатады. Жанбыр жауса, батпак. Қарағандының батпағы жабысқақ, галошынды алып қалады. Сондықтан ел галоштың белінен байлап алып жүреді.

Күйеуі мен баласын бірдей өскерге аттандырган, күнкөрісі жок қарт әйелдің панасыз қалған қайғысын да Карагандыда көрдім. Ондайлар ел ішінде де көп болды ғой. Бірақ ауылда, ағайын ортасында, біріне бірі сүйене, тіршілік кешті. Ал, Қарағандыда, ондірісті қалада, жанында ешкімі жок кемпірдің жылағанын, аласұрып, не істерін білмей, ел ізdegенін корсөн. Осындай күйде мен Бекенов Мұхамедияның шешесі – Оралды елге қошірістім. Бекен біздің оқеймен боле еді, үйін іздел барып, осындай күйінс кездестім. Кейін құдай беріп, екеуі де өскерден оралып, Жанарқада табысып бас құрады. Мұхамедия үлкен қызметтер аткарды.

Құлжан үйіне жиналып, сол жерден өскерге, майданға аттанған Жаңарқалық студенттерді (ішінде Сапар Шәкенов деген Айтыманның жақын апасының баласы бар) поезга шығарып салдым. Бөрі де өмір. Соғыс өкелген өмірдің азапты үзіктері.

Құлжан – казакы адам. Әңгімелі. Сәкенмен аталас туыс. Енен тоқасы ішінде бірі – Байбек (Сәкен), екіншісі – Сайбек (Құлжан, біздің шешей) боп болінеді. Сәкенмен бір ауылда өскен, ол жайлы естеліктерін ірікпей айтады. Ара-арасында арабша басылған бір кітапты жастығының астынан алып оқып қояды.

Ескене, Байбек, Жәнібек – бергі атам...

Ор, Аба, Есен, Нұра – жерім еді,

Қуандық, Қаратоқа елім еді...

Мен оның кімдікі екенін білмеймін. “Сөкендікі ғой”, – дейді Құлжан. Кітаптың сыртқы мұқабасы жок. Жыртылған. Оған ешкім тиіспейді. Тек Құлжанның жастығының астында жатады. Құлжан өрі қарай оқиды:

Мен келем тау ішінде түнделетіп,  
Аймақты құнірентіп өлеңдетіп...

Таулары биік киялы,  
Орманы шалғын миялы,  
Жылқы, кой, сиыр, түйелі  
Сағындым Арқа – жерімді...

Саясаттан алыстау Құлжан осындай ел, жер туралы өлеңдерін теріп оқиды. Біраздан кейін кітабын жауып, орнына тығады да, – Кайран өкімет-ай, соларды да аямады-ау! – дейді.

Сейтіп мен алғаш Өспенде атын естіген, жынды Әбеннен тыңдаған, Айтам айтқан Сәкен туралы әңгімелерді Құлжан оқыған олеңдермен толықтырдым.

Шілденің бас кезінде басталған оқуымыз екі айдан соң қыркүйектің басында аяқталды. “Екі айлық курс өтті” деген күөлік алып ауылга қайттым. Менің оныншы класқа баратын жылым еді. сабак басталып кеткен шығар деп мектепке барсам, оқу жок. Балалар жиналмапты. Ересектеулері өскерге кетіп, оған ілікпегендерін ФЗО мектебіне аламыз деп корқытып, балалар бытырап, бой тасалап жүр екен. Қыркүйектің аяғына таман алты (бес кызы және мен) баланың басы құралды – оқу басталатын болды. Сол жылы өкімет ақылы оқу тәртібін кіргізіп, өкей мені ертіп барып, ақшасын төлеп шықты. Бұрын ондай тәртіп жок еді, соғыс тудырған қызыншылық шығар дестік. Кейін өкімет мұны дұрыс көрmedі-ау деймін, акша төлеу тәртібін жойды. Сабак басталғанмен, жүйелі оқу болған жок. Ер мұғалімдерді өскерге шақырып, біртінде алып кетіп жатты. Олардың орнына сабак беретін адам табылмайды. Осылай ырын-жырынмен екі тоқсанды аяқтадық. 1943 жылдың алғашкы күндерінің бірі еді – біздерді директорымыз (Амалбеков Бименде) жинап, аудандық оқу бөліміне алып барды. Оқу бөлімінің бастығы ауыл мектептерінің жабылып жатқанын, мұғалімдерді өскерге алып кеткенін айтып, бізді ауыл мектептеріне мұғалім болуга шақырды. Шақырды емес, міндеттеді. Оқу жылы аяқталған кезде қайтып келіп, орта мектепке емтихан тапсырып, аттестат аласындар деді. Бізде үн жок. Мениң “Ынталы” колхозындағы орталau мектепке жіберетін болды. Оған қарсы болғам жок. Өйткені ол ауылда әкемнің інісі Жаман ауылдық кеңестің төрағасы еді. Жатын орным дайын. Кейбіреулер баратын ауылында таныстары жоғын, жатын үйдің киындығын айтып жатты. Оған ауылдық кеңес, колхоз көмектеседі дегеннен басқа сөз айтылған жок.